

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

## БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

02 ақпан 2016 жыл

### **Қазақстан қор биржасы экологиялық, әлеуметтік жауапкершілік және корпоративтік басқару критерийлері туралы есеп берушілікті құрастыру бойынша әдістеме шығарады**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – KASE, Биржа) 2016 жылдың соңына дейін Біріккен Ұлттар Ұйымының тұрақты биржаларға арналған бастамасы (Sustainable Stock Exchanges Initiative, бұдан әрі – SSE Бастамасы) шегінде KASE мүшелірі мен листингілік компанияларға арналған, экологиялық, әлеуметтік жауапкершілік және корпоративтік басқару критерийлері (Environmental, Social and Governance, далее – ESG) туралы есепті құрастыру бойынша әдістемені шығарады.

Биржаның SSE бастамасына қосылуының себептерінің бірі Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің компаниялардың айқындығын арттыруға әрекеттесу идеясын қолдау болып табылады. Осындай айқындық тек корпоративтік басқару бойынша есепті және инвесторларға компанияның қызметі туралы ESG бойынша жан-жақты ақпараттарды ұсыну арқылы қолжетімді.

Көптеген институционалдық инвесторлар шешім қабылдағанда компанияның ESG шегінде әлеуметтік-жауапты инвестициялауға көбірек назар аударатып жатыр. Әрине, кірістілік маңызды көрсеткіш болып табылғанымен, компанияның ұзақ мерзімді тұрақтылығын анықтау үшін бизнестің экология тұрғысынан тазалығы, жұмысшылар мен тұрғындардың алдында әлеуметтік жауапкершілігі, сауатты корпоративтік басқарумен қатар, инвестициялар үшін бәсекелес күресте ерекше маңызы бар болады. Осыға байланысты жыл сайын ESG есебін құрастыруға қосылатын компаниялардың саны ұлғайып келеді.

"Қазақстан қор биржасының әлемдік капитал нарығына интеграциялануы шегінде бізде листингтенетін компанияларды тек қаржылық көрсеткіштерін ғана емес, ESG көрсеткіштерін ашуға шақырамыз. Өзірленген әдістемені KASE интернет-сайтында жариялаймыз", – деді өз сөзінде KASE Басқармасы Төрағасының м.а. Н.Ю. Хорошевская

Бұл әдістеме нұсқауландыру сипатында болады, оны жариялау датасы қосымша хабарланады.

### Анықтамалық ақпарат

SSE Бастамасы – ұзақ мерзімді тұрақты инвестициялау, ақпараттарды ашу деңгейін арттыру және экология, әлеуметтік сала және корпоративтік басқару аясында халықаралық стандарттарға сәйкестікке қол жеткізу мақсатында, биржалар, инвесторлар және реттеушілер арасында ынтымақтастықты нығайтуға арналған платформа (ESG).

Қазақстан қор биржасы (KASE) ТМД аймағындағы жетекші биржаларының бірі болып табылаты. оның ресми тізімінде 80-нен астам компаниялардың бағалы қағаздары енгізіліп, Қазақстанның 50-ден астам кәсіби қатысушылар KASE мүшесі болып табылады. KASE Қазақстанның қаржы нарығында қызмет ететін жалғыз биржа болып табылады. Бұл шетел валюталарының, мемлекеттік және қазақстандық және шетелдік эмитенттердің беймемлекеттік корпоративтік облигацияларының және халықаралық ұйымдардың облигацияларының сауда-саттығына, сондай-ақ репо операцияларын жүзеге асыруға арналған әмбебап сауда алаңы .

KASE Дүниежүзілік биржалар федерациясының, Еуропа-азиялық қор биржаларының федерациясының және басқа да ішкі және халықаралық кәсіби ассоциацияларының мүшесі болып табылады.